

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 72-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей, жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру бойынша ақпаратты талдап, қорытындыласын және айдың 5-і күнінен кешіктірмей, жиынтық ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 28 мамырдағы
№ 72-ө өкімімен
бекітілген

Қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
----------	---------------------------	----------------	--	--------------------	---

1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
2.	"Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
	"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты				

3.	<p>ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы</p>	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
4.	<p>"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 252 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы</p>	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
	<p>" Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану</p>				

5.	<p>қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы"</p> <p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы</p>	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
6.	<p>"Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы"</p> <p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 145 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы</p>	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
7.	<p>Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы</p>	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
	<p>Жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту мен реконструкциял</p>				

8.	ау және жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі жоспарларды әзірлеу әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2024 жылғы мамыр	А.С. Сұлтанов
----	---	---	-----	------------------	---------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК